

Түркістан облысында су тасқынына қарсы жоспарланған 23 тапсырма орындалды

Түркістан облысында су тасқынының алдын алу барысы тұрақты бақылауға алынған. Арнайы жоспар әзірленіп, тиісті жұмыстар атқарылуда. Бүгін бұл мәселе облыс әкімдігінде кезекті рет талқыланып, дайындық пысықталды. Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды жауаптыларға қауіпсіздік шараларын толық атқарып, каналдар мен су көздерін бақылауда ұстауды тапсырды.

– Түркістан облысына көктем ерте түседі. Тау қары еріп, суы таситын аймақтарда қазірден дайындықты күшейтіп, арықтар мен атыздарды уақтылы тазалау керек. Каналдардың бәрі тексеріліп, аудан, қала әкімдіктері жауапты басқарма мен департаментпен бірлесе жұмыс атқарсын. Жоспарға енгізілген су нысандары мен су қоймалары жөнделіп, қорғаныс дамбалары реттелуі тиіс. Қолда бар арнайы техниканы қолданып, су тасқыны қауіпсіздігін нығайтыңыздар, – деді Дархан Сатыбалды. Мәжілісте ТО ТЖД бастығының міндетін уақытша атқарушы, азаматтық қорғаныс полковнигі Әскер Сарбатов атқарылған жұмыстарды баяндады. Өңірде «2024-2025 жылғы қыс-көктемгі су тасқынына қарсы инженерлік іс-шаралар» жоспарындағы 39 іс-шараның 23-і толығымен аяқталып, 5 іс-шара бойынша жұмыстар жалғасуда. Нәтижесінде 66,1 шақырым қашыртқы арналар механикалық тазалаудан өтті. 14 шақырым

қашыртқы арна құл-қоқыстан тазартылса, 350 метр канал бетондалған. 1,9 шақырым арна түзетіліп, қазылды. Оған қоса 3 дана тоспа орнатылып, 4 жол асты құбыры ауыстырылған. Жалпы облыста инженерлік жоспардан тыс 461 шақырым арық (саны –1203), 654 шақырымды құрайтын каналдар (саны –165), 30 шақырым өткелдер тазалаудан өткізілді. Аталған жұмыстарды жүргізуге 263 техника жұмылдырылған. Су тақыны кезеңіне 109 мың дана қап, 1416 тонна инертті материал дайындалды және төтенше жағдай қауіпі туындағанда тамақ мен тиісті қажеттіліктер үшін ірі кәсіпкерлермен 67 меморандум түзіліп, 141 тонна жанар - жағармай дайындалған. Түркістан облысының жұмылдыру даярлығы, аумақтық қорғаныс және азаматтық қорғау басқармасының басшысы Санжар Бүрлібаевтың айтуынша, облыс әкімінің тапсырмасымен су тасқынына қарсы 23 іс-шара толығымен аяқталған. Аудандарды техникамен қамту, өзен арналарын бұру, реттеу, тереңдету жұмыстары жүрген. Су басу қауіпі бар аймақтар түгел бақылауға алынып, тиісті қауіпсіздік шаралары ұйымдастырылған. Кейбір су нысандарын жөндеу, реттеу үшін жобалық-сметалық құжаттар жасалған. Су тасқынының алдын алу шаралары жыл бойы жалғасады.

Түркістан облысында өзіндік кірістер мен салықтық түсімдер көлемі ұлғайды

Түркістан облысында өзіндік кіріс көздерін артыру, «көлеңкелі экономикамен» күрес, қосымша кіріс көздерін анықтау жұмыстары нәтижесінде өзіндік кірістер мен салықтық түсімдер көлемі ұлғайды. Аталған саладағы мәселелер облыс әкімдігінде талқыланды. Өңір басшысы Дархан Сатыбалды бұл бағыттағы жұмыс қарқынын арттыруды тапсырды.

– Бірінші кезекте өзіндік кіріс көздерін арттыру маңызды. Зауыттар, өндіріс орындарын ашу, инвестиция тарту жұмысын жандандыру керек. Аудан, қала әкімдері мен басқарма басшылары осы бағыттағы жұмысты күшейтсін. Екіншіден, салық органдарына тіркелмей жүрген кәсіпкерлерді анықтап, заң шеңберінде тіркеу шарт. Бұл ретте жауапты департамент пен мекемелердің жүйелі әрі табанды жұмысы қажет, – деді Дархан Сатыбалды.

Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Мақсат Нұрахметовтың айтуынша, Түркістан облысы бойынша жергілікті

бюджеттің салықтық түсімдердің биылғы бекітілген жоспары – 162 млрд. теңге. Ал 15 қарашада нақты түскені – 150,6 млрд. теңге. Жылдық жоспардың орындалуы 92,9%-ды құрап, 122,5% немесе 27,6 млрд. теңгеге өскен. Салықтық түсімдерге талдау жүргізу нәтижесінде 15 қарашадағы нақты түсім сомасы 150,6 млрд. теңгені құрады немесе 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 27,6 млрд. теңгеге өсіп отыр.

Аймақта корпоративтік табыс салығы бойынша 15.11.2024 жылға бекітілген жоспар 14,6 млрд. теңге болса, нақты түсім 15,4 млрд. теңгені құрап, жоспар 105,3% пайызға орындалды. Ал жеке табыс салығы бойынша жылға бекітілген жоспар 56,3 млрд. теңге болса, нақты түсім 51,6 млрд. теңгені құрап, жоспар 91,6% пайызға орындалды.

Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 7,9 млрд. теңгеге артқан. 2024 жылға 11,8 млрд. теңгені құрайтын қосымша кіріс көздері болжамдалып, бүгінде 7,2 млрд. теңге өндірілген. Жыл соңына дейін 4,6 млрд өндіріледі деп күтілуде.

Сатып алулар жасау үшін виртуалды картаны қалайша дұрыс пайдалану қажет

Цифрлық төлем карталарын қолмен ұстап көруге болмайды, себебі олар пластик тасымалдағышта емес, алайда оларды смартфонға оңай байланыстырып, офлайн есеп айырысуға болады. Сондай-ақ, оларды толтыруға, басқа карталар мен шоттарға қаражат аударуға, олар арқылы интернет-сатып алулар жүргізуге болады. Көптеген ата-аналар балаларына виртуалды карталарды пайдалануға рұқсат беріп жатады, алайда олардың көпшілігі онлайн-сатып алулар кезінде мұндай карталарды пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік шаралары жөнінде айта бермейді.

Fingramota.kz балаларға арналған банк картасын қауіпсіз пайдалану қағидалары жөнінде ескертеді – ата-аналар төмендегілер жөнінде баласына үнемі еске салып отырулары қажет:

1. Сізде банк картасының бар екендігі туралы барлығына айтпаңыз. Бұл қауіпті болуы мүмкін: картаны ұрлау, күштеп алып қою және т. б.

2. Картаны ешкімнің қолына беруге, сондай-ақ фотоға түсіруге болмайды.

3. Сіздің картаңызға жазылған деректерді басқа біреуге беруге, айтуға, жариялауға болмайды.

4. Әрбір банк картасының құпия коды — ПИН-код болады. Оны онлайн немесе банкоматта енгізген кезде карта бойынша барлық операцияларды жүргізуге болады. ПИН-кодты банктің мобильдік қосымшасы арқылы ауыстыруға болады. Сіз оны жаттап алуға немесе өзіңізге кішкентай парақшаға жазып алуға тиіссіз және белгілі бір жерде, шифрланған түрде сақтасаңыз тіпті жақсы. Оны қалай шифрлау өз еркіңізде. Бастысы, ешкім сіздің кодыңызды шеше алмауы қажет. Ешбір жағдайда ПИН-кодты картаның өзіне жазбаңыз және онымен бірге сақтамаңыз.

5. Дүкенде немесе банкоматта ПИН-кодты енгізген кезде пернетақтаны қолыңызбен жауып тұрыңыз, сандарды дауыстап айтуға болмайды.

6. Егер сіз банктік картаңызды жоғалтып

алсаңыз, бұл туралы ата-анаңызға дереу хабарлау қажет. Ата-анаңыз дереу банкке хабарласып, картаны ешкім пайдалана алмайтындай етіп бұғаттауды сұрауға тиіс. Карта бойынша операцияларды сондай-ақ мобильдік қосымша арқылы онлайн режимде бұғаттай аласыз.

7. Телефоныңызда оны кез келген уақытта пайдалана алатындай карточкасын пайдаланатын банктің жедел желісінің нөмірін сақтап қойыңыз. Қандай да бір жағдай туындаса, сіз немесе сіздің ата-анаңыз сол нөмір бойынша телефон соғып, карта бойынша ақпарат алу үшін шынында да банк қызметкері хабарласқанын, немесе шындығында олардың банкі ұтыс өткізгені және карта иелері-қатысушылар үшін SMS жіберіп жатқаны жөнінде нақтылай алады. Қоңырау шалу үшін себептер көп болуы мүмкін. Сізге картаны бұғаттау, «қауіпсіздік қызметінің тексеруі», «қате ақша аударымдары» немесе кез келген басқа «қорқынышты» SMS немесе электрондық пошта арқылы хабарламалар келуі мүмкін. Олардың түпнұсқалығын тексеру үшін банктің ресми нөміріне хабарласқан дұрыс

Они трудились на «Ачполиметалле»

Комбинат Ачполиметалл был градообразующим предприятием. На этом предприятий в поселке Миргалимсай (нынешний Кентау) и Ачисай трудились корейцы.

В рабочих коллективах этих предприятия, где трудились представители десятков национальностей и народности царил мир и согласие.

Одним из уважаемых этносов не только в Кентау, является корейская диаспора, ведь они проживали здесь еще до начала Великой Отечественной войны.

Корейцы – народ трудолюбивый и потому они снискали уважение.

К примеру, горожане и не только они вспоминают о рационализаторе и изобретателе, начальнике конструкторского бюро (КБ) Специального шахтопроходческого управления (СПШУ) Афанасие Семеновиче Цой. Мы с ним проработали много лет на одном предприятии, группа конструкторов, в том числе и А.Цой изобрели проходческий агрегат АПК-2 для работы в подземных условиях, который исключал ручной труд проходчика и повышал производительность труда. На это изобретение в Москве был выдан патент, и поэтому это изобретение применялось и в других союзных республиках Советского Союза. Проходческий агрегат АПК-2 демонстрировался на выставке достижений народного хозяйства в Алма-Ате.

Афанасия Семеновича как советского специалиста командировали на несколько лет на

комбинат «Эрденет» в Монгольскую народную республику. По окончании срока командировки, руководство монгольского горнорудного предприятия ходатайствовало о продления срока заграничной командировки А. Цой.

С будущим главой администрации города Кентау, с В. Ляном мы были знакомы по работе давно. Я работал инженером по внедрению новой техники, а Василий был участковым маркшейдером на руднике «Миргалимсай» и как раз на том горном участке в течении девяти месяцев испытывался немецкий электровоз. Ежемесячно участковый маркшейдер предоставлял данные объема перевозки. Он по образованию горный инженер – маркшейдер и активно занимался общественной деятельностью, жители города избрали его депутатом Кентауского городского Совета. В 1991 году, на закрытом голосовании народные избранники выбрали В. Ляна председателем горсовета. Позже Василия Леонидовича Ляна назначают главой администрации города Кентау. В. Лян руководил городом в самый трудный и тяжелый период становления Независимости страны.

Акимом поселка Ащысай (Ачисай) административно подчиненного Кентау много лет руководил, бывший начальник шахты «Ачисай» Игнатий Иванович Цой. Его помнят как грамотного инженерно- технического работника, как уважаемого в поселке человека, к сожалению этой осенью он скончался, его в последний путь провожал весь Ащысай (новое наименование населенного пункта).

Кентау- город промышленный, и здесь нельзя не

вспомнить обывшем директоре трансформаторного завода, кавалере ордена Трудового Красного Знамени, Почетном гражданине города Кентау Револе Елисеевиче Ан. О его честности и порядочности до сих пор ходят легенды. Револ Елисеевич, как первый руководитель приложил максимум усилий для того, чтобы завод был передовым и шел в авангарде энергетического машиностроения. Когда я учился в школе, мы жили в одном в одном доме, но в разных подъездах, и я помню как дядя Револ (мы его звали так) уходил рано и приходил поздно с работы. Горный инженер – энергетик Р. Ан, свою трудовую деятельность начинал с Миргалимсайского шахтостроительного управления (МШСУ) комбината «Ачполиметалл». В то время шахтостроительное управление было в подчинении «Ачполиметалла».

Известными были имена не только инженерно-технических работников...Много лет трудился электриком на Миргалимсайской обогатительной фабрике (МОФ) Вячеслав Чангонович Ким. Руководство поручало ему самые ответственные работы и он с честью выполнял их. Хорошую память о себе, как мастер «золотые» руки оставил электрик участка «Водоотлив» рудника «Глубокий» Виктор Югай.

Корейский городской этнокультурный центр, не один год возглавляет кавалер ордена «Курмет», врач высшей категории, Почетный гражданин города Кентау Варвара Васильевна Чжен. И она начинала свою трудовую деятельность с профилактория комбината «Ачполиметалл».

Мағауя ХОЖАМУРАТОВ
Кентау

ДЕТСКАЯ ШАЛОСТЬ С ОГНЕМ - ЧАСТАЯ ПРИЧИНА ПОЖАРОВ!

Детская шалость с огнем часто становится причиной пожаров. Как показывает практика, часто такие пожары происходят из-за отсутствия навыков у детей осторожного обращения с огнем, недостаточным контролем за их поведением со стороны взрослых, а в ряде случаев неумением родителей организовать досуг своих чад.

В возрасте от трех до семи лет дети в своих играх часто повторяют поступки и действия взрослых, имитируя их труд. Стремление к самостоятельности особенно проявляется в то время, когда дети остаются одни. Нельзя быть уверенным, что ребенок, оставшись один дома, не решит поиграть с коробочкой спичек или зажигалкой, не захочет поджечь бумагу, не устроит костер, который он видел в лесу.

Уважаемые родители, проблема так называемой детской шалости с огнем стоит очень остро. И очень важно помнить, что главная задача – предупредить возможную трагедию, быть рядом и даже на шаг впереди. Наши с Вами усилия должны быть направлены на каждодневную профилактическую работу с детьми, чтобы, если не исключить, то хотя бы свести к минимуму число пожаров и других происшествий с участием детей, избежать травматизма и несчастных случаев. Ведь, прежде всего взрослые В ответе за действия и поступки детей.

Не показывайте детям дурной пример. Храните спички в местах недоступных для детей. Ни в коем случае нельзя держать в доме неисправные или самодельные электрические приборы. Пользоваться можно только исправными приборами, имеющими сертификат соответствия требованиям безопасности, с встроенным устройством автоматического отключения прибора от источника электрического питания.

Помните, маленькая неосторожность может привести к большой беде. Трагические случаи наглядно показывают - главная причина гибели детей на пожаре кроется в их неумении действовать в критической ситуации. Во время пожара у детей срабатывает подсознательный инстинкт: ребенок старается спрятаться, ищем мнимое убежище - под кроватью, под столом. Там и постигает его беда. Поэтому обязательно научите ребенка действиям при пожаре.

Если Вы увидели, что дети самостоятельно разводят костер, играют со спичками и зажигалками, горючими жидкостями, не проходите мимо, не оставайтесь безразличными, остановите их!

Жизнь показала, что там, где среди детей проводится разъяснительная работа, направленная на предупреждение пожаров от детской шалости с огнем, опасность возникновения пожаров по этой причине сводится к минимуму.

Отдел по чрезвычайным ситуациям города Кентау
При пожаре звонить на экстренный номер 101, 112 или на городской 8 (72536) 3-47-78

Пешті пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін сақтау

Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы жылыту пешін салу және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерін бұзу себебінен өрттерді болдырмау және олардан қайғылы зардаптар көрмеу үшін өрт қауіпсіздік шараларын естеріңізге салады:

- пеш жағу маусымы басталар алдында жылыту құрылғыларының жағдайын тексеріп, керек болған жағдайда жөдеуден өткізіп, өңдеп және әктеп, пеш құдықтарын күлден тазарту керек;
- әр пеште жеке түтін мойны немесе құдық қарастырылуы қажет;
- түтін мұржаларын тігінен орнатып балшық кірпіштен жасалған орын қалдырмай, қабырғасының қалыңдығы 120 мм болатындай етіп жобалау керек;
- ағаш жағылатын пештердің құдықтарында екі бірінен соң бірі орналасқан ысырма, көмір немесе шымтезек жағылатын пештердің құдықтарында диаметрі 15 мм болатын тетігі бар бір ысырма қарастырылуы қажет;
- түтін мұржаларының биіктігі колосниктің торынан бастап мұржаның сағасына дейін 5 метрден кем болмауы керек;
- пешті тек қана ересек адамдар жағу керек, пеш

жағуды және жанып жатқан пешті қарауды балаларға немесе мас күйіндегі адамдарға тапсыруға болмайды;

- жанып жатқан пешті қараусыз қалдыруға немесе оны есігін ашып қойып жағуға болмайды;
- пештің от алдырғышының алдында еденге 50x70 см темір қаңылтыр қағу керек;
- от алдырғыштың есігінен өртке қарсы қабырғаға дейінгі ара қашықтық 1250 мм –ден кем болмауы қажет;
- пешті бензинмен, керосинмен, солярамен және басқадай жеңіл от алғыш заттармен тұтатуға болмайды, бұл өте қауіпті;
- пешті қатты қыздыруға болмайды, жағу ұзақтығы 3 сағаттан аспауы керек;
- пешке жиһазды, басқа жанатын заттарды жақын қоюға болмайды;
- пеште және пешке жақын жерде ағашты, киім-кешекті және басқадай жанғыш заттарды кептіруге болмайды – бұл өте қауіпті;
- ағашты және басқа жанғыш заттарды пеш алдындағы қаңылтырда қалтыруға болмайды;

Н. ҚАЙҚЫБАЕВ
Кентау қаласының ТЖБ инженері азаматтық қорғау аға лейтенанты

БАЛАЛАРДАҒЫ СЕМІЗДІК

ҚР ДСМ ҰҚДСО деректеріне сүйенсек, соңғы зерттеулер (2020 ж.) нәтижесіне сәйкес Қазақстандағы балалардың 20,6 %-да артық салмақ пен семіздік анықталған. Сонымен қатар бұл мәселенің ұлдар арасында таралуы қыздарға (17,6%) қарағанда жоғары болды (23,6%). Ауылдық жерлердегі балалармен (17,5%) салыстырғанда қалада тұратын балалар арасында артық салмақты немесе семіздікке шалдыққандары (23,1%) анағұрлым көп болғаны байқалды. Бұл артық тамақтанумен бірге, аз қозғалысты өмір салты артық салмақ пен семіздіктің себептерінің бірі болып табылатынын көрсетеді.

Сарапшылардың есептеуі бойынша 98% жағдайда семіздіктің себебі дұрыс емес өмір салтында, төмен физикалық белсенділікте және дұрыс тамақтанбауда/артық тамақтануда жатыр. Қалған 2% зат алмасу бұзылуларына, эндокриндік патологияға, белгілі бір дәрілерді ұзақ уақыт қабылдауға және тұқым қуалайтын факторға байланысты.

Балалар компьютер, теледидар алдында, қолдарында смартфондармен ұзақ уақыт қимылсыз отырумен қатар, зиянды өнімдердің агрессивті жарнамасына да ұшырайды. Белгілі болғандай, балалар мен жасөспірімдерге фаст-фуд, кондитерлік өнімдер мен тәтті газдалған сусындардың коммерциялық жарнамалары қатты әсер етеді. Жоғары калориялы тағамдардың құрамында қант, тұз және май көп, сонымен қатар биологиялық құндылығы өте төмен, олар баланың денесінің қалыпты өсуі мен дамуы үшін өте қажет дәрумендер мен басқа да пайдалы биологиялық белсенді заттардан айрылған. Артық салмақ қосудың негізгі себебі – қарапайым, яғни жылдам көмірсулар мен

майлардың (нан-тоқаш өнімдері, тәттілер, десерттер, тәтті газдалған сусындар, фаст-фуд, қуырылған тағамдар) басым болуынан, рационның калориялық мөлшері дененің энергия қажеттілігінен асып түседі, яғни энергетикалық теңгерімсіздік.

Артық салмақ пен семіздік денсаулықтың елеусіз проблемаларынан бастап күрделі проблемаларына әкелуі мүмкін:

- асқазан-ішек жолдарының аурулары (іш қату, диарея, гастрит, холецистит, панкреатит және т.б.);
- жүрек-қантамыр жүйесі жұмысындағы бұзылыстар;
- 2 типті қантты диабет;
- жыныстық дамудың бұзылуы;
- эндокриндік және метаболизмдік бұзылыстар;
- тірек-қимыл аппаратындағы бұзылыстар (артроз және т.б.);
- психологиялық бұзылулар (өзін-өзі бағалау проблемасы, комплекстердің дамуы, сыныптастарының мазақ етуі...);
- ұйқы апноэсі, булимия және т.б.;

Ата-ананың міндеті – бала үшін ерте жастан бастап дұрыс тамақтану мен физикалық белсенділік тәртібін ұйымдастыру.

- тұтынылатын қант мөлшерін азайту арқылы рационның калориясын шектеу (тәтті, кондитерлік өнімдер, газдалған тәтті сусындарды тұтынбау, бала кезінен су ішуге үйрету);
- фаст-фуд, шұжық, шұжықша, консервілерді шектеу;
- рационға майсыз ет, балық, табиғи сүт өнімдерін қосу;

- жемістер мен көкөністер, бұршақтар, тұтас дәнді және жанғақтарды көбірек тұтыну.
- теледидар, компьютер, смартфон немесе басқа гаджеттердің алдында тамақ ішуге рұқсат бермеу керек!
- тағам мөлшерін азайту қажет (кішірек табақшаларды пайдалану).

- Нәрестелермен дене шынықтыру, гимнастика жасап, бассейнге баруға болады (бассейнге 2-3 айдан бастап баруға болады);

- Балалармен бірге таза ауада ойындар ойнаңыз;
- Баланы мектепке дейінгі жастан бастап спорт секциясына (балаға ұнайтын спорт түріне) беріңіз;
- Күнделікті дене белсенділігінің уақыты кемінде бір сағат болуы керек;
- Мектеп жұмысынан тыс кезінде экран алдындағы (компьютер, теледидар және мобильді құрылғылар) уақытты күніне екі сағаттан аспайтын етіп шектеңіз;
- Балалардың ұйқы режимін қатаң сақтаңыз! Орташа алғанда, балалар кем дегенде 9 сағат ұйықтауы керек. Ұйқы кезінде балаларда өсу гормоны бөлінетіні дәлелденген

Ата-аналар өз балаларына салауатты өмір салтын ұстанудың үлгісі болуы керек! Бүкіл отбасы үшін салауатты өмір салтын ұйымдастыра отырып, өзіңіздің және балаларыңыздың денсаулықтарын сақтайсыз!

У.А. КУШКИМБАЕВА

Кентау қалалық емханасы, балалар эндокринологы

Басты мақсат - сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

Сыбайлас жемқорлық ел экономикасының көтерілуіне үлкен кедергі келтіріп отырған қоғамымыздың ең басты қауіп – қатерлерінің бірі болып табылады. Сондықтан да оны болдырмау, алдын алу мақсатында елімізде көптеген іс-шаралар жоспарланып, жүзеге асырылуда.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір мемлекеттік органдар басшыларының, ел азаматтарының міндеті екендігі атап көрсетілді.

Аталмыш заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған. Қоғамымыздың барлық саласына дендеп еніп бара жатқан жемқорлықтың жолына батыл тосқауыл қойып, олардың зардаптарын жою және мүдделерді жауапқа тарту, бүгінгі күннің ең басты міндеттерінің бірі. Жемқорлықпен күресуді бүкіл халық болып қолға алсақ ғана тоқтатуға болады.

Сыбайлас-жемқорлық әсіресе мемлекеттік билік органдарында қауіпті. Мұндай жағдайда ол биліктің монополиясын, мемлекеттік қызметшілердің шешім қабылдау өкілеттігін күшейтеді және шенеуніктердің қатал құқықтық есеп беруін және бақылауда болуын жою симбиозын көрсетіп-білдіреді.

Тәжірибе көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік жүйенің барлығын бұзады, мемлекеттік билік беделінің және мемлекеттік қызмет абыройының құлдырауына ықпал етеді.

Бүгінгі таңда, мемлекеттің ұйымдасқан қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен күрес саласындағы ең басты назары экономикалық даму процестерінің басқарылуына, ұйымдық құрылымдық буындардың тиімді жолдарына, ішкі өзін-өзі бақылау жүйесін құруға және қылмыстылықты тазартуға аударылуы тиіс.

Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағыты-оның алдын алу, яғни, оның себептері мен шарттарына ықпал жасау болуы керегін ескерген жөн деп есептеймін.

М.МУСАБАЕВ

ҚР АШМ ВБЖҚК Кентау қалалық аумақтық инспекциясының бас маман мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы инспекторы

Жаңа қағидалар: коллекторлар бұдан былай борышкерлермен қалай жұмыс істейді

2024 жылғы 1 қазаннан бастап коллекторлық агенттіктердің жеке тұлғалардың борыштарына қатысты жұмысының қағидалары қолданысқа енгізілді. Енгізілген жаңалықтарды Fingramota.kz-пен бірге қарастырайық.

Коллекторлық агенттіктердің жеке тұлғалардың берешегін реттеу қағидалары Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2024 жылғы 16 тамыздағы № 51 қаулысымен бекітіліп, 2024 жылғы 1 қазаннан бастап күшіне енді.

Барлығы неден басталды?

2017 жылы «Коллекторлық қызмет туралы» заң қабылданды, оның нәтижесінде коллекторлардың жұмысы құқықтық аяда реттеле бастады. Аталған заң коллекторлардың ғана емес, сондай-ақ борышкерлердің құқықтары мен міндеттерін айқындайды. Бірнеше жылдан кейін, 2021 жылғы мамыр айында, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бірінші кезекте, борышкер мен коллектор арасындағы қарым-қатынасты өркениетті түрде құруға бағытталған маңызды заңнамалық өзгерістер енгізді. Барлық қабылданған нормалар қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталды. Мәселен, борышкер кредитордан сотқа дейінгі қарызды өндіріп алу және берешекті реттеу жұмыстарын жүргізетін коллекторлық агенттік туралы, оның орналасқан жері, оның қолында жеке деректерінің бар-жоғы, берешектің мөлшері мен құрылымы туралы мәліметтер талап етуге құқылы болды. Және де, борышкер коллекторлық агенттіктің талаптарын толығымен немесе ішінара даулауға құқылы болды. Жаңа қағидаларға сәйкес, коллекторлық агенттіктер борышкерлерге мынадай мерзім ішінде өз міндеттемелерін орындау талаптарын өзгертуге құқығы бар екенін хабарлауға міндетті:

2024 жылғы 1 қазанға дейін сатып алынған берешек үшін: күнтізбелік 20 күн ішінде;

Жаңа берешек үшін: банктік қарыз немесе микрокредит шарты бойынша құқықтарды алған сәттен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде. Осылайша коллекторлар үшін азаматтардың кредиттер бойынша берешегін реттеу рәсімдерін жүргізу тікелей міндеті енгізілді.

Бұл ретте, борышкер хабарламаны алғаннан кейін кез келген уақытта (бұрын 30 күн ішінде болған) коллекторлық агенттікке өтініш беруге құқылы. Өтініште өзінің қарыз бойынша міндеттемелерін орындай алмайтын себебін және мәселені шешу бойынша өз ұсыныстарын көрсету қажет. Бұдан басқа, борышкер өтінішке кірісінің азайғанын көрсететін, сондай-ақ қарыз бойынша төлемдерді төлей алмайтынын растайтын құжаттарды қоса ұсынады.

Атмосфералық ауаның ластану көздері

Атмосфера бүкіл әлемнің тіршілік тынысы. Атмосфера ауасының шекарасы болмайды. Ол жер шары халықтарының ортақ байлығы болғандықтан оның сапасы, тазалығы адамзат үшін ешнәрсеге теңгерілмейтін биосфераның құрамдас бөлігі. Атмосфера бірнеше қабаттан тұрады. Мысалы: тропосфера, озондірішілік нышаны болады. Бүгінгі таңда атмосфера ауасының тазалық сапасы бұрынғыдан нашарлау. Оның негізгі себептері-ауаға адамның іс-әрекетінен болатын әр түрлі газдардың шығарылуы. Мыс: азот, оттегі, көмірқышқыл газы т.б. Егер атмосфера ауасында ластағыш заттардың шекті мөлшерлі концентрациясы қалыпты құрамнан асып кетсе онда ауаны ластаған деп санайды.

Ластағыш заттардың негізгі көздері-өнеркәсіп, автокөліктер, зауыт, жылу энергетикасы т.б. Жоғарыда аталған объектілерден атмосфераға түскен заттар ауа құрамындағы компоненттерінің қатысумен химиялық өзгерістерге ұшырайды. Атмосфера құрамындағы оттегі мен көмірқышқыл газының тұрақты болуы ауа тепе-теңдігіне әсер етеді. Мәселен оттегі тірі организмдер үшін тыныс алуды қамтамасыз етеді. Оттегі жетіспеген жағдайда адамдар мен жануарлар түншыға бастайды. Сондықтан ауа құрамындағы негізгі екі газдың тепе-теңдік сақталғаны дұрыс.

Н.И.Исамова
ҚР ДСМ СЭБҚ «ҰСО» ШЖҚ РМК
Түркістан облысы бойынша филиалының
Кентау қалалық бөлімшесінің
Санитарлық гигиеналық зерттеулер
зертханасының зертханашысы

Пештердің жөнделмегендігінен болатын

Өрттердің алдын алу

Пешті жазудың орт қауіптілігі неде? Біріншіден, отынды жаққан кезде пештің ішіндегі температура 600-800 градусқа дейін жетеді, одан пеш қабырғалары және түтіндік қатты қызады. Егер ғимараттың ағаш бөлшектері (арқалық, қалқа, еден, төбе және бас қажанғыш құрылымдар мен материалдар) пештің қабырғаларына және түтіндікке тығыз тиіп тұрса, кірпішпен тиісті бөлу болмаған жағдайда – онда олар жануы мүмкін.

Өрт болмау үшін пешті кірпіш немесе тас негізге орналастыру керек. Пештің түтін құбыр шатырдың немесе қабатара лық ағаш жабуынан өткен жерде кірпіш қалауы қалындау болу керек. Қалындау құбырдың ішкі бетіне үйдің жанғыш элементтеріне дейін 38 см-ден кем болмау керек.

Егер пеш алдында ағаш еденнің үстіне өлшемі 50х70 см темір табақ қағып қоймаса, пештің аузынан түскен жанып жатқан көмірден өрт шығу мүмкін. Пештің есігін жауып және үлкендердің қарауымен ғана жағу керек.

Пештің алдына, үстіне, пешпен қабырғаның арасына жанғыш заттарды қоюға болмайды. Пешті ұзақ жағуға болмайды, өйткені қабырғалар тым қызғаннан жарықшақтар пайда болады, олардан, әсіресе шатырда, шоктар шығып, оңай жанғыш заттарға түсіп, өрттің шығуына себепкер болады.

Сондықтан түтіндіктің қабырғаларына мұқият саз жағып, әктеу керек. Егер түтіндікте жарықшалар пайда болса, ол бірден көрінеді, өйткені одан күйе шыға бастайды.

Кейбір тұрғындар пешті жағу үшін керосин немесе бензин қолданады, ал ол қайғылы жағдайға әкеліп соқтырады. Пешті жаққанда жанғыш сұйықтық лезде жанады, пештен от шығып, өрт пайда болады.

Пеш жағу маусымының алдында пешті және түтіндікті тексеріп, оларды жөндеп, күйеден тазалап, жарықшақтарды сылап, шатырдағы түтіндікті әктеу керек. Пештерді және түтіндіктерді жөндеуге және сылауға мамандарды шақыру керек.

Б.АНАПИЯ
Кентау қаласының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері азаматтық қорғау аға лейтененты

Жеспилит

Адам баласының мәдени тарихы минералогия ғылымымен де тығыз байланысты. Сол тарихтың әрбір белгілі дәуірлерінің өзі жер қойнауындағы минерал заттардың қандай түрлерін алып пайдалану дәрежесіне қарай бөлінеді деуге болады.

Кентау қалалық музейі облысымыздағы тау-кен ісі тарихына арналған жалғыз музей болып табылады. Музейіміздің минерологиялық залында Менделеев кестесіндегі 118 элементтің 74-і бар. Бұл біздер үшін үлкен байлық.

Құнды минералдардың барлығы Ащысай, Байжансай, Мырғалымсай, Қарасай кен орындарынан табылып жинақталған. Сонымен қатар, ТМД елдеріндегі кен орындарынан да Ащысай комбинатына сыйлыққа берілген жәдігерлер де жинақталған. Бұл бөлмедегі әрбір минералдың алатын орны ерекше. Осы минералдардың ішінде ерекше көзге түсетін минералдың бірі – Жеспилит.

Жеспилит – жұқа жолақты тау

жынысы. Табиғатта сұр, қызыл, сары қабаттары мен бейнелі кварциттері біршама көп кездеседі.

Түсі шұбар, қызыл, жасыл, сұр; сынымы бұдырлы, нақышы қабатты, жолақты болып келеді. Әдемі түсті Жеспилиттан безендіру және зергерлік бұйымдар жасалады.

Ежелден адамзат баласы табиғаттағы әрбір минералдың өз қасиеттілігі бар деп сенеді. Солардың қатарында жеспилит минералын да астролог ғалымдар адамға тигізетін әсері жөнінде өз пікірлерін қалдырған.

Олардың зерттеуінше жеспилит – асқазан тасы. Ол адамдағы ішек-қарын жолы ауруларын емдеуде пайдаланылады.

Көз ауруын емдеуде, қан тамырларын нығайтуда, жүйке ауруларын емдеуде, сонымен қатар сынықты емдеуде көмектеседі.

З.НАРЗУЛЛАЕВА,
Музей қызметкері

Правила безопасности в случае пожара на объекте с массовым пребыванием людей

При посещении объекта с массовым пребыванием людей запоминайте свой маршрут и обращайте внимание на расположение основных и запасных эвакуационных выходов, ознакомьтесь с планом эвакуации.

Если вы увидели пламя, почувствовав запах дыма, услышали звуки пожарной сигнализации или крики «Пожар», постарайтесь сохранять спокойствие, не поддавайтесь панике, оцените масштаб опасности.

Сообщите о происшествии по номеру 101 или 112 (не считайте, что кто-то это сделает за вас). Разговаривая с диспетчером, говорите громко и четко. Назовите адрес, место, где находитесь, коротко опишите, что вы видели: сильный дым, огонь, есть ли пострадавшие, можете ли вы самостоятельно выйти. Назовите свое имя и фамилию.

Если имеется возможность справиться с огнем, потушите пожар, привлекая на помощь находящихся рядом людей, используя подручные и специальные средства.

Если возгорание слишком сильное, постарайтесь покинуть помещение по максимально безопасному маршруту.

При заполнении помещения дымом или отсутствии освещения идите к выходу, нагнувшись, держась за стены или поручни. Дышите через носовой платок или рукав одежды ткани (если увлажнить ткань нечем, используйте и сухую). Двигаться к выходу нужно с умеренной скоростью, чтобы избежать давки. Ведите детей впереди себя, держа их за плечи.

Не идите туда, где высокая концентрация дыма. Если вы чувствуете, что температура растет, вернитесь обратно. Не поднимайтесь на более высокие этажи, не пытайтесь спрятаться в отдаленных помещениях. Не пользуйтесь лифтом во время пожара. Если дверь закрыта, потрогайте металлическую ручку или саму поверхность двери. Если она горячая, значит, огонь рядом — выходить нельзя. Если за дверью чёрный дым и видимость

меньше десяти метров, заходить туда тоже опасно.

Оказавшись в толпе, согните руки в локтях и прижмите их к бокам, сожмите кулаки. Наклоните корпус назад, упритесь ногами вперед и попытайтесь сдерживать людской напор спиной, освободив пространство впереди. Пропускайте вперед детей, женщин и престарелых, сообщая сдерживайте паникующих людей. Если вас сбили с ног, постарайтесь встать на колено и, опираясь о пол руками, другой ногой резко оттолкнитесь, рывком выпрямите тело. Заслоняйте детей спиной или посадите их к себе на плечи.

При невозможности выбраться наружу отступите в не занятые огнём помещения. Если есть доступ к воде, лейте её как можно больше на любые тряпки и на пол. Защищайте органы дыхания и зрения мокрым платком. Постарайтесь заткнуть щели в двери и вентиляционные отверстия. Закройте окна. Если дым начал проникать в помещение, старайтесь держаться как можно ближе к полу.

В целях оповещения о своем месте положении можно воспользоваться окружающими предметами для создания звукового эффекта. Это может быть слышимый в объеме здания стук с определенными временными интервалами.

Если есть окно, держитесь рядом с ним. Старайтесь привлечь внимание прохожих, но не разбивайте окна: приток воздуха усилит пламя. Не поддавайтесь желанию выпрыгнуть в окно с большой высоты. Использовать окно в качестве выхода имеет смысл, если вы находитесь не выше 3 этажа.

Выбравшись из здания, окажите помощь пострадавшим, вызовите скорую помощь. Сообщите экстренным службам, откуда вы выбрались и есть ли там еще люди. Это поможет спасателям в поисках других.

М.Баймбетов
главный специалист отдела по ЧС города
Кентау подполковник гражданской
защиты

Көп пәтерлі тұрғын үйлердің терезелерінен балалардың құлау фактісін алдын алу

Жаз кезі - бұл адамдардың табиғат аясына демалуға шығатын керемет кез. Жазда балалардың көптен күткен жазғы демалыстары да басталады. Өкінішке орай, осы уақытта адамдардың жарақат алу, суда қаза болу, жол-көлік оқиғалары және де тұрмыстық, табиғи өрттер санының өрістеуі байқалады.

Балалар жарақаты тек қана Қазақстанда емес, көптеген әлем елдерінің кең көлемдегі әлеуметтік мәселелеріне айналды. Бұны түрлі жарақаттардан балалар өлімінің жоғары деңгейлігінен көруге болады.

Ай сайын облыс бойынша кәмелетке толмағандардың алған жарақаттарымен медициналық көмекке жүгіну саны орташа алғанда 2500-3000 шамасында.

Солардың бірі жас балалардың қараусыз қалғанынан көп қабатты пәтер терезелерімен балкондарынан құлау фактілері тіркелуде. Мәселен, ағымдағы жылғы 06 маусымында Шымкент қаласындағы көп қабатты тұрғын үйлердің 3-ші қабатынан 3 жасар қыз баласы құлап мерт болған. Осындай жағдай 2018 жылдың 07 маусымында Түркістан қаласының көп қабатты тұрғын үй ғимаратының 5-ші қабатынан 7 жасар қыз баласы абайсыздан құлап, қайтыс болған.

Қайтыс болғандардың анықталған негізгі себебі ата-аналардың

қарауынсыз қалған балалардың абайсыздығы болып табылады.

Барлық балалар, жаңаны түсінуге ниеттенеді, ал терезе оны жүзеге асыруға мүмкіндік тудырады. Терезе, соның ішінде ашық терезе, үйдегі ең қауіпті жерлердің бірі. Сондықтан терезелер жанында орындықтар, үстелдер, бүйір үстелдер қою қауіп туғызады. Төтенше жағдайлардың алдын алу үшін, есте қарапайым, бірақ өмірлік маңызды қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет:

- ашық терезе немесе балкон жиегіне баланы жақындатпаңыз;
- терезе жабылып тұрған кезде де терезенің алдына балаларды шығармаңыз;
- балаларға терезелерді жууға, перделерді ілуге рұқсат етпеңіз;
- көп қабатты пәтерлерде жас балаларды қараусыз қалдырмаңыз;
- Кәмелетке толмаған балаларыңыздың күнделікті немен айналысып отырғанын, оның көңіл күйін, жағдайын әр дайым бақылап отырыңыз, ұялы телефон немесе компьютерден тыйым салынған ойындарды ойнау арқылы өзіне өзі қол жұмсауынан сақтаныңыз.

А.СҮЙІНБАЙ
Кентау қаласының Төтенше жағдайлар бөлімінің офицері аға лейтенанты

Сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұру

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді. Осы заңдарда мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқы айқындалған.

1. Мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеуге тиіс.

2. Мемлекеттік қызметшілер басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан жасалатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің жолын кесуге тиіс.

3. Егер мемлекеттік қызметшіде дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат болса, ол мұндай құқық бұзушылықты болғызбау және тоқтату жөніндегі қажетті шараларды қабылдауға, оның ішінде жоғары тұрған басшыға және (немесе) өзі жұмыс істейтін мемлекеттік органның басшылығына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға жазбаша нысанда дереу ақпарат беруге тиіс. Мемлекеттік қызметші өзін басқа адамдардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру жағдайлары туралы да аталған адамдар мен органдарға жазбаша нысанда дереу хабар беруге міндетті.

4. Мемлекеттік қызметшілер жеке

және (немесе) заңды тұлғалардың өз құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге тиіс.

5. Мемлекеттік қызметшіге сыбайлас жемқорлық жасады деп жариялы түрде негізсіз айып тағылған кезде ол осындай айыптауды анықтаған күннен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару жөніндегі шараларды қабылдауы қажет, яғни, мемлекеттік қызметші адал, әділ әрі қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көрінісіне қарсы тұруға, мемлекеттік қызмет мүддесіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге жол бермеуі тиіс.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсанындағы №153 Жарлығымен бекітілген ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінде мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттары айқын көрсетіліп, үкіметіміз мемлекеттік қызметшілерді әдептілікке тәрбиелеуде. Әрбір қызметші осы Әдеп қағидалары мен заң талаптарын ұстануы тиіс.

С. БАРХИЕВА
ҚР АІІМ ВБЖҚК-нің
Кентау қалалық аумақтық инспекциясының мемлекеттік ветеринариялық- санитариялық инспекторы

Балалардағы қант диабеті

Балалардағы қант диабеті — бұл қандағы қант деңгейінің (глюкозаның) созылмалы түрде көтерілумен сипатталатын ауру. Қант диабеті балалардағы барлық эндокриндік аурулар арасында бірінші орынды алады.

Балалардағы қант диабеті салыстымалы түрде өткір және тиісті емдеусіз, тәртіптегідей ауыр жағдайда біртіндеп күшейіп барып дамиды. Балалардағы диабеттің мұндай дамуы бала организмінің тез өсуіне байланысты және заттектер алмасуы жағдайының күшеюмен сәйкес болады.

Жер бетінде 250 миллионға жуық адам қант диабетімен ауырады екен. Әлемдегі әрбір 500-ші сәби мен әр 200-ші жасөспірім қант диабетіне шалдыққан. Біздің елімізде кейінгі он жылда қант диабетіне шалдыққандар саны екі есеге артыпты. 2022 жылдың 1 шілдесіндегі мәлімет бойынша, қант диабеті бар 439 327 адам есепте тұрады, оның ішінде I типті қант диабетімен ауыратындар саны – 26 778 адам. Оның 4 789-ы – балалар

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасы бойынша, қант диабеті – инсулин секрециясының, инсулин әрекетінің немесе екеуінің де ақауының нәтижесі болып саналатын ауру. Ол қандағы глюкозаның жоғарылауымен сипатталады. Басқаша айтқанда, диабет инсулин жеткіліксіз өндірілгенде немесе оның әсері төмендегенде пайда болады.

Қант (глюкоза) – дене жасушаларының негізгі энергия көзі. Инсулин қантты қаннан жасушаларға жылжыту және оны энергияға айналдыру үшін қажет. I типті қант диабетінде ұйқы безі инсулин бөлмейді. II типті қант диабетінде инсулин жеткілікті болуы мүмкін, бірақ дұрыс жұмыс істемейді. I типті қант диабетінде инсулин шығаратын ұйқы безінің жасушалары жойылып, инсулиннің абсолют тапшылығына әкеледі.

Қант диабетінің себептеріне келсек: Біріншіден вирустар - ЖРВИ, Эпид паротит, Коксаки вирусы, вирустық гепатит, коронавирустар.

Екіншіден ана сүті – өте маңызды фактор. Финляндияда жүргізілген зерттеу қант диабетінің осы түрімен ауыратын барлық баланың нәресте кезінде ана сүтімен қоректенбегенін көрсетті.

Үшіншіден-аутоиммундық реакция факторлары, генетикалық (туа біткен) бейімділік. Ата-анасы (біреуі немесе екеуі) осы ауруға шалдыққан болса, балаларында қант диабетінің осы түрінің даму ықтималдығы жоғары болады.

Төртіншіден- психологиялық күйзеліс. II типті қант диабетінің пайда болу себебіне келсек, көп жағдайда артық салмақ, қозғалыстың аздығы және дұрыс тамақтанбау. Бұл факторлардың генетикалық бейімдікпен үйлесуі қауіпті.

Қазіргі уақытта қант диабетінің әлдеқайда жасарып кеткені ерекше алаңдатады. Кейінгі он, жиырма жыл көлемінде майлы фастфуд өнімдерінің көбеюі, компьютер мен теледидар алдында шамадан тыс көп уақыт өткізу, қимыл-қозғалыстың азаюы балалар мен жасөспірімдер арасындағы семіздікке алып келді. Семіздік – диабетке бастайтын жол. Қант диабетінің клиникалық белгілері:

Полидипсия- шөлдеу, су көп ішу

Полиурия – зәр шығарудың жиілеуі мүмкін. Бұл – ең жиі кездесетін белгі

Үнемі аш сияқты сезіну, дене салмағының азаюы, шамадан тыс ішіп-жеу (полифагия)

Аз уақытта көп салмақ тастау (2-3 айда 10 келіге дейін арықтау)

Әлсіздік, шаршау, ұйқышылдық, терлеу, жұмыс істеу қабілетінің төмендеуі;

Терінің және шырышты қабаттардың тұрақты және қарқынды қышуы;

Жүрек айнуы, құсу, іштің ауыруы

Балалардың қант диабетінің ерекшелігі – аурудың қатты екпінмен басталуы. Көбіне балалардағы бастапқы белгілерге ата -ана көңіл бөлмейді, балалар ауруханаға ауыр халде асқинумен прекома, кома жағдайында түседі.

Қант диабеті I түрі ауруының емі: инсулин тері астына енгізу. Оны шприц қаламмен немесе помпа аппараты арқылы қолдануға болады. Ауруханаға тускен науқас балалар диабет мектебінен өтіп, нан бірлігі (ХЕ) есептеу арқылы тамақтануды, инсулин салуды үйреніп шығады. Емхана аймақтық дәрігері мен эндокринолог бақылауында болады. Қант диабетінің I түрінде науқастар ішкен тағамының көлеміне қарай инсулинді қажетті мөлшерде салады.

Қандағы қантты қалыпқа келтірудің ең маңызды шарты – рационал тамақтану. Ең бастысы, дұрыс тамақтану жүйесі қандағы глюкозаның тамақтанғаннан кейін көтеріл-меуіне мүмкіндік береді. Мұндай тамақтану барлық адам үшін пайдалы.

Қант диабеті алдын алу – Дұрыс тамақтану, балаларға газдалған тәтті сусындар мен пластик ыдыстағы Кола, Фанта, Спрайт, лимонад, шырындар мен жасанды сүт бермеу, тәтті тағамдарды шектеу -Стресс алдын алу, ұйқы режимін сақтау, ден салмағын қалыпта ұстау – Құрсақішілік және балалар мен жасөспірімдердің инфекцияларының алдын алу

У.А. КУШКИМБАЕВА

Кентау қалалық емханасы, балалар эндокринологы

АИТВ инфекциясына қарсы күрес жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді

Түркістан облысында АИТВ инфекциясына қарсы күрес жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жыл басынан бері облыстық «АИТВ-ның алдын алу және онымен күресу орталығының» мамандары өңір тұрғындарымен түрлі кездесулер мен акциялар ұйымдастырып, жұқпалы аурудың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізген.

Бұл жайында Облыстық АИТВ инфекциясының алдын алу орталығының басшысы Бақытжан Жүзжасаров БАҚ өкілдерімен өткен брифингте мәлімдеді.

«Облыс аумағында 2024 жылдың он айында 10 акция, 2 спорттық шара, 15 ашық есік күні өтті. Сонымен

қатар, білім беру мекемелері мен мемлекеттік қызмет көрсету орындарында 25 семинар-тренинг, медициналық мекемелер және әлеуметтік маңызы бар орындарда 3 дөңгелек үстел ұйымдастырылды» – деді орталық басшысы.

Атқарылған жұмыстар нәтижесінде облыста инфекция жұқтыру көрсеткіші төмендеген. Жыл басынан бері өңірде АИТВ инфекциясына шалдыққан 96 жағдай тіркелген. Оның ішінде 4 азамат шетелдік.

Орталық басшысының орынбасары Дәурен Рыскелдиев өткен жылдың 10 айында жұқпалы ауруға шалдыққан 107 жағдай анықталғанын жеткізді.

Түркістан облысында МӘМС жүйесіне 2 миллионнан астам тұрғын тіркелген

Түркістан облысы бойынша мемлекеттік әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне тұрғындарды қамту шаралары тұрақты жүргізіліп келеді. Барлық медициналық мекемеге 2 миллионнан астам тұрғын тіркелген. Оның ішінде МӘМС жүйесінде сақтандырылмағандар саны 350 мың адамды құрап, өткен аймен салыстырғанда 23 пайызға азайып отыр. Осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар бүгін облыс әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде талқыланды. Өңір басшысы жауапты тұлғаларға арнайы түсіндіру жұмыстарын күшейтуді және анықтау жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

– Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру саласындағы жұмысты күшейтіңіздер. Әлі де немқұрайлы қарап отырғандар бар. Аудан, қала әкімдіктері жергілікті жауапты басқармамен бірлесіп, жеке кәсіпкерлерге, шаруа немесе фермерлік қожалықтарға ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырыңыздар. Субсидия алып, кәсібін жүргіземін деген әрбір адам төлеуі қажет. Сонымен бірге медициналық көмек сапасын да жақсарту керек. Жауапты мекеме басшылары өзара бірлесе жұмыс атқарулары тиіс, – деді Дархан Сатыбалды.

Жиын барысында «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру» қорының Түркістан облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов баяндама жасап, облыс тұрғындарының сақтандыру санатына өтуі мен МӘМС аясында медициналық қызмет алуудағы туындап жатқан өзекті мәселелерге тоқталды. Өңірде 27 мыңнан астам шаруа қожалықтары аталған МӘМС-ті төлемеген. Бұған дейінгі орын алған мәселелер «Е-Сақтандыру» жүйесі арқылы шешімін тауып отыр.

Мобильді топтар соңғы 3 айда «Бір аптада – 3%, бір айда – 12%» ұранымен науқандық немесе тұрақты жұмысшыларды «көлеңкелі еңбек» нарығынан жарыққа шығаруға мұрындық болған. Жалпы тұрғындарды МӘМС-ке тарту жұмыстарын күшейту мақсатында өңірлік штаб отырыстары өтіп тұрады. Соның ішінде Д, Е категорияларындағы адам санын азайту бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді.

Айта кетейік, Мемлекеттік кірістер департаменті МӘМС жүйесі бойынша төлемдерді 2022-2023 жылдардан бері мүлдем төлем жасамаған 43 мыңнан аса адамға хабарлама жолданып, борышкерлердің есеп шоттары бұғатталған еді. Өткен айдың нәтижесімен 8 мыңнан астамы қарызын төлеген.

Түркістанда Сабыр Рақымовты еске алуға арналған халықаралық дода басталды

Түркістандағы «Olympic center» спорт кешенінде Кеңес Одағының батыры, генерал-майор Сабыр Рақымовты еске алуға арналған ХХ-VIII халықаралық жарыс басталды. Еркін және әйелдер күресінен 2005-2007 жылы туған жастар арасындағы додаға Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан елдерімен қатар Қазақстан Республикасының барлық облыстары мен қалаларынан 456 балуан келіп, боз кілем төрінде тартысқа толы белдесулер өткізуде.

Еркін күрестен жастар арасындағы халықаралық жарыстың салтанатты ашылуында Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев жарысқа қатысушы балуандарды және қонақтарды құттықтап, сәттілік тіледі.

– Рухани шаһарда халықаралық күрес бәсекесі бастауын алды. 1996 жылдан бері 28-рет жалауы көтерілген жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылуда. Бүгінгі таңда облысымызда еркін күрес спорт түрімен 5000-ға жуық бала мен жасөспірім айналысуда. Оларға 200-ден астам жаттықтырушы күнделікті

оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізуде. Аталған бағыттардағы жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табады, – деді Ертай Кенжебекұлы.

Олимпиада ойындарының көркін қыздыратын күрес түрлері бүгінде әлемде қарқынды дамуда. Осы орайда дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан бұл халықаралық дода жастардың шеберліктерін арттыруға үлкен серпін береді.

Тартысқа толы бәсекеде ұлдар 10 салмақ дәрежесінде жеңімпаздарды анықтаса, қыздар 10 салмақ дәрежесінде өзара бақ сынайды. Халықаралық күрес 3 күнге жалғасады.

Жарысты Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы, Облыстық №1 олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі ұйымдастырды. Халықаралық турнирдің басты мақсаты – жас балуандардың шеберлігін шыңдау, спортты дамыту.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі

Баға саясатын бұзған кәсіпкерлерге бір миллион теңгеге жуық айыппұл салынды

Қазіргі нарықтық экономикада сатып алушылардың құқықтарын қорғау мен сауда орындарындағы ашықтық мәселесі аса маңызды. Сөреде тауар базаларының көрсетілмеуі – бұл көптеген жағдайда жиі кездесетін жағдай. Мұндай жағдайдың пайда болуы құқықтық және экономикалық тұрғыдан бірқатар қиындықтар мен мәселелерді туындатуы мүмкін.

ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 193-бабының 4-бөлігіне сәйкес Түркістан облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті 2024 жылы дүкендерде сөресінде тауар бағасын көрсетпегені үшін 68 кәсіпкерлік субъектісіне 924 756 теңге айыппұл түрінде шара қолданылды.

Сөреде тауарлардың бағалары көрсетілмеген жағдайда сауда орындарында баға көрсетудің міндеттілігі мен оның дұрыстығын қадағалау үшін бақылауды күшейту қажет. Сондай-ақ, әкімшілік жауапкершілікті арттыру керек. Сөреде тауарлардың бағалары көрсетілмеген кезде тұтынушылардың құқықтары бұзылады, нарықтағы ашықтық пен әділ бәсекелестік принциптері сақталмайды. Мұндай жағдайларды болдырмау үшін, Түркістан облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті ҚР Сауда және интеграция министрлігі әзірлеген жадынамаларды Түркістан облысында орналасқан сауда орындарына таратылып нақты талаптар қойылды. Тек осы жағдайда ғана тұтынушылардың құқықтары толық қорғалып, нарықтың тұрақты әрі тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік туады.

Құқықтық тұрғыдан ҚР «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңына сәйкес, және «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 9-бабы, 31-бабы 1-тармағының 2-тармақшасына сауда орындарында тауардың бағасы міндетті түрде көрсетілуі тиіс делінген. Бұл ереже тұтынушылардың өз құқықтарын толық түсінуі мен дұрыс шешім қабылдауын қамтамасыз етеді. Бағалар көрсетілмеген жағдайда сатып алушыға тауардың құнын алдын ала білу мүмкіндігі берілмейді, бұл заңға қайшы келеді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында «Өнімдерді таңбалау және олардың бағаларын көрсету» туралы мемлекеттік стандарттар бар. Бұл стандарттар дүкендер мен сауда орындарының тауарлардың бағаларын нақты және анық көрсетуін талап етеді.

Бағалары көрсетілмеген тауарлар супермаркеттер мен базарларда жиі кездеседі. Мұндай жағдайлардың орын алуына техникалық себептер, кейде дүкендер жүйесінің ақаулары немесе жаңа тауарлардың енгізілуі барысында бағалар уақытша көрсетілмей қалуы мүмкін. Бағаны алдын ала білмеу тұтынушыларға жоспарлау мен бюджеттеу қиындықтарын туғызады. Мысалы, баға соңғы сәтте белгілі болған жағдайда, сатып алушы өзінің шығыстарын қадағалай алмайды. Бағалары көрсетілмеген сауда орындары тұтынушылардың сенімін жоғалтуы мүмкін. Сатып алушы кез келген уақытта бағаны өзгертуі мүмкін екенін сезініп, өзіне қолайлы жағдай іздейді.

Егерде өз құқығыңыздың бұзылғанын байқасаңыз, дүкен сөрелерінде тауар бағасы жазылмаған фактілерді анықтасаңыз немесе әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсуі байқалса, я болмаса сапасыз қызмет алсаңыз Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне сол кәсіпкерге қатысты арыз-шағым білдірсеңіз болады. Ол үшін «жедел желі» нөмірлеріне (+7771 322 8282, +7700 606 0071, +7775 224 5616, +7707 347 3876), сондай-ақ электронды және жазбаша өтініштерді департаменттің мекенжайына (Түркістан қаласы, Жаңа қала мөлтек ауданы, 32 көше, 16 ғимарат, А корпусы, 427 кабинет), «E-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы жіберуге болады.

Шетелде оқитын студентте МӘМС жүйесіндегі қызметті алады

МӘМС жүйесіндегі жеңілдік санаттардың бірі – студент. Соңғы уақытта студенттердің МӘМС жүйесіндегі мәртебесіне қатысты көптеген мәселелер туындап жатыр. Осы ретте, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ директоры Бақыт Исмаханбетов студенттерді мазалаған сұрақтарға жауап берді.

-Студент МӘМС жүйесінде қандай мәртебеге ие?

-МӘМС жүйесінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі бөлімде оқитындар жеңілдік санатына кіре алады. Олар үшін оқу кезеңінде мемлекет МӘМС жарналарын төлейді.

-Күндізгі бөлімде оқитын студент медициналық қызметтерді алу қажет. Алайда, оның жүйедегі мәртебесі сақтандырылмаған болып шықты. Мұндай жағдайда не істеу керек?

-Студент оқу барысында сақтандыру мәртебесі сақталуы үшін өзінің оқу орнына жүгініп, деректерін ЖООБЖ (Жоғары оқу орындарының бірыңғай жүйесі) жүйесінде бар – жоғын тексеру қажет. Студенттер туралы мәліметтер Қорға осы жүйе арқылы түседі. Бұл мәселемен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне де жүгінуге болады.

Бұл сұрақ шешімін тапқанша, студентке Қор уақытша бір айға сақтандырылған мәртебесін бере алады. Ол үшін Qoldau 24/7 қосымшасын жүктеп, оқу орнынан анықтаманы қосып, мәртебе беру туралы өтінім қалдыру қажет.

-Студент жеңілдік мәртебесін қашан жоғалтады және қалай сақтауға болады?

-Студент оқуды аяқтаған соң, жұмысқа орналаспаса не болмаса оқуды ары қарай жалғастырмаса онда жүйеден шығады. Егер жұмысқа орналасса, онда ол үшін жұмыс беруші аударым және жарнаны тұрақты ай сайын жүргізеді. Ал, ешқандай санатқа кірмейтін болса, МӘМС жүйесіндегі мәртебені

тұрақты сақтауы үшін 2024 жылы 1 МЗП-ның 5%-ын, яғни, 4250 теңгені ай сайын тұрақты төлеуіне болады.

-Жалпы, студенттің МӘМС жүйесіндегі мәртебеге қатысты бірнеше сұрақтар туындап жатады. Осыған байланысты студенттерге арнайы кеңес беру шаралары ұйымдастырылып жатыр ма?

- Әрине. Қор басқармасы тарапынан жоғары және орта білім беру ұйымдарында оқитын студенттер арасында МӘМС жүйесі жайлы кеңес беруге байланысты бекітілген жоспар бойынша Қордың Түркістан облысындағы филиалы халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау бөлімі 2 жоғары оқу орнымен және 7 колледждегі студенттермен кездесіп, МӘМС жүйесі бойынша кеңес берді. Кездесуге 283 студент қатысты.

Кездесу барысында қойылған сұрақтардың бірі – студент академиялық демалысқа жүкті болуына байланысты шықты. Бұл жағдайда студент жеңілдік мәртебесін сақтап қалуына болады ма? Әлбетте, ол тек жеңілдік санаттан екіншісіне өтті. Сонымен қатар, студент оқумен қатар жұмыс істеп, жеке кәсіппен айналысуы мүмкін. Бұл екі жағдайда студент жүйеге қатысты төлемдерден босатылады.

-Жұмыс беруші студент қызметкері үшін МӘМС жарналарын мен аударымдарын төлеуі керек пе?

-Жоқ, жұмыс беруші студенттер үшін жарналар мен аударымдарды төлеуден босатылады. Олар оқу орнын тәмамдағанға дейін автоматты түрде сақтандырылады. Айта кету керек, студент жеке кәсіпкер немесе жалдамалы жұмысшы болса да, олардың жеңілдік санаты сақталады.

-Шетелде оқитын студент мемлекет есебінен сақтандырылуы мүмкін бе?

-Иә, ол үшін Еgov порталындағы «шетелде оқитын студенттерді тіркеу» мемлекеттік қызметін пайдалану қажет. Содан кейін, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі өтінімді қарап, тіркеген соң, студенттер МӘМС жүйесінде автоматты түрде сақтандырылады.

Егер мәртебе берілмесе, ҚР Білім және ғылым министрлігінің халықаралық департаментіне хабарласу қажет. Оқу үрдісінің әр семестрінен кейін өз оқуын растап отыру маңызды.

-Жұмыс беруші студент қызметкер үшін жарналар мен аударымдарды төлеп келді. Жарналарды қайтаруға болады ма?

-Иә, жұмыс беруші ҚР ДСМ 2017ж. 30 маусымдағы №478 бұйрыққа сәйкес, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына өтініш жазу қажет.

-Жұмыс берушіге қызметкері оқуын аяқтаса да, студент ретінде жеңілдік санаты бар деп МӘМС төлемдері қайтарылып жатыр. Бұл қатені қалай түзетуге болады?

-Медициналық сақтандыру қоры жеңілдік санаттары туралы деректерді тиісті мемлекеттік органдар далады. Бұл жағдайда Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараттық жүйелерінде деректерді түзету қажет. Қызметкер жеке тәртіппен аталған министрліктерге жеңілдікті санатты алып тастау туралы өтінішпен жүгіне алады.

-Қазақстанда оқитын шетелдік студенттер жеңілдік санатына үміткер бола ала ма?

-Қазақстанда оқитын шетелдіктер тұрақты тұруға рұқсаты болған жағдайда студент ретінде жеңілдік санатын ала алады. Өйткені, шетел азаматтары МӘМС жүйесінде Қазақстан азаматтарымен бірдей құқық пен міндеттерге ие болады.

Қазақстан аумағында халықаралық шарт негізінде уақытша тұратын шетелдіктер мен олардың отбасы мүшелері, егер заңдарда немесе халықаралық шарттарда көзделмесе, МӘМС жүйесінде Қазақстан азаматтарымен бірдей құқықтар мен міндеттерге ие. Бұл жағдайда халықаралық шарттарды басшылыққа алу қажет.

НҮРЖАНҚЫЗЫ АЙЖАН,
«Жансая» облыстық балалар оналту орталығының физио мейіргері

Острый коронарный синдром: неотложная помощь

Острый коронарный синдром (ОКС) – это группа клинических состояний, вызванных острым нарушением коронарного кровообращения, приводящим к ишемии миокарда. ОКС включает нестабильную стенокардию (НС), инфаркт миокарда с подъемом сегмента ST (STEMI) и инфаркт миокарда без подъема сегмента ST (NSTEMI).

Главная причина ОКС – разрыв или эрозия атеросклеротической бляшки, сопровождающаяся тромбозом и частичной или полной окклюзией коронарного сосуда. Дополнительными факторами риска являются гипертония, дислипидемия, сахарный диабет, курение и ожирение.

Пациенты с ОКС жалуются на:

- Интенсивную загрудинную боль, иррадиирующую в левую руку, шею, нижнюю челюсть или спину;
- Длительность болевого приступа более 20 минут;
- Одышку, слабость, холодный пот;
- Тревогу, страх смерти.

Для подтверждения диагноза применяют:

1. ЭКГ :
 - STEMI: Подъем сегмента ST.
 - NSTEMI: Депрессия сегмента ST или инверсия зубца T.

- НС: Изменения могут отсутствовать.
- 2. Биохимические маркеры миокардиального повреждения:

- Повышение уровня тропонина I и T.
- Р-о-с-т креатинфосфокиназы-MB (КФК-MB).
- 3. Эхокардиография: Выявляет нарушение сократимости миокарда.
- 4. Коронарная ангиография: Определяет степень и локализацию окклюзии.

Неотложные мероприятия при подозрении на ОКС включают:

1. Обеспечение доступа воздуха и покоя. Пациента укладывают в положение с приподнятым изголовьем.
2. Кислородотерапия. Показана при гипоксемии (сатурация <90%).
3. Медикаментозное лечение:
 - Нитроглицерин: Под язык каждые 5 минут (не более 3 доз).
 - Антиагреганты: Аспирин 300 мг и/или клопидогрель 600 мг.
 - Обезболивание: Морфин внутривенно при выраженной боли.
 - Антикоагулянты: Низкомолекулярный гепарин (эноксапарин) или нефракционированный гепарин.
 - β-блокаторы: Метопролол при стабильной гемодинамике.
 - Ингибиторы АПФ: Для

предотвращения ремоделирования миокарда.

4. Тромболизис или ЧКВ (чрескожное коронарное вмешательство):

- ЧКВ — предпочтительный метод при STEMI, если доступен в течение 90 минут.
 - Тромболизис — при невозможности проведения ЧКВ в ближайшие 120 минут.
- Прогноз и профилактика
- Своевременное лечение существенно снижает смертность и риск осложнений, таких как хроническая сердечная недостаточность, рецидивирующий инфаркт и аритмии.

Для профилактики ОКС важно:

- Контролировать артериальное давление и уровень холестерина;
- Придерживаться здорового образа жизни (сбалансированное питание, отказ от курения, регулярная физическая активность);
- Лечить хронические заболевания (диабет, ожирение).

ОКС – угрожающее жизни состояние, требующее быстрой диагностики и незамедлительного лечения. Своевременное оказание помощи значительно улучшает прогноз и снижает смертность.

АЙМЕТОВА ШАХЛО НЕМАТОВНА
Кентауская центральная городская больница
Приемное отделение

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті тұрғындар!

«Мирас Байкен» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттаманың атауы: «Түркістан облысындағы Баялдыр қалдық қоймасының техногендік минералды түзілімдердің тау-кен жұмыстары жоспарына ықтимал әсер ету туралы есеп».

Кен өндіру алаңының ауданы 1 000,9 га құрайды. Координаттар: 1. 48°30'00" , 68°26'00" ; 2. 48°32'00" , 68°26'00" ; 3. 48°32'00" ; 68°28'00" 4. 48°30'00" , 68°28'00" .

Қоғамдық тыңдаулар 30.12.2024 сағат 10.00-де Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Кентау Ф.А., Кентау қаласы, Тәжімбетов көшесі, 46 а 1 қабат, конференц-зал

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecportal.kz/>, сондай-ақ «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында [e-priroda.gov.kz](https://ecportal.kz/) «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>.

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта өтеді (ашық жиналыс және ZOOM платформасында бейнеконференция).

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ: Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше, 20 ғимарат, «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады: 8(7253)33659. Электрондық мекен-жайы: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

Ұсынылған қызметтің бастамашысы: «Мирас Байкен» ЖШС Алматы қ., Тимирязев к. 37, тел: 7 (777) 414-90-10, E-mail: asadykova@mcg-kaz.com, БСН 180640004366.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «LegalEcologyConcept» ЖШС, Өскемен қ., 070002, М. Горького 21.к-сі, 9, БСН: 211040029201, Тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел: +7 (777) 414-90-10.

ОБЪЯВЛЕНИЯ

Уважаемые жители!

ТОО «Мирас Байкен» в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания. Наименование проектной документации: Отчет о возможном воздействии «Плану горных работ техногенного минерального образований Баялдырского хвостохранилища в Туркестанской области».

Площадь участка ведения горных работ составляет – 1 000,9га. Координаты: 1. 48°30'00" , 68°26'00" ; 2. 48°32'00" , 68°26'00" ; 3. 48°32'00" ; 68°28'00" 4. 48°30'00" , 68°28'00" .

Общественные слушания состоятся 30.12.2024 года в 10.00 часов по адресу: Республика Казахстан, Туркестанская область, Кентау Г.А., г.Кентау, улица Тажимбетова, 46 а, 1-ый этаж, конференц зал.

Общественные слушания проводятся в смешанном формате (открытого собрания и видеоконференцсвязи на платформе ZOOM).

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/>, а также сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» [e-priroda.gov.kz](https://ecportal.kz/) в разделе «Общественные слушания»: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также по адресу: г.Туркестан, Микрорайон Жаңа Қала, улица 32, здание 20 ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», тел.: 8(7253)33659. Электронный адрес: a.erkebai@ontustik.gov.kz

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Мирас Байкен» г.Алматы, ул. Тимирязева 37. Тел: 7 (777) 414-90-10 E-mail: asadykova@mcg-kaz.com БИН 180640004366.

Разработчик проектной документации: ТОО «Legal Ecology Concept», г. Усть-Каменогорск, 070002, ул. М. Горького 21, БИН: 211040029201, тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Дополнительную информацию можно получить по адресу электронной почты: toolec21@gmail.com и тел: +7 (777) 414-90-10.

Благодарность

Ровно 80 лет назад. 14 ноября 1944 г. Наш азербайджанский народ был выслан с Закавказья в среднюю Азию, а именно в Казахстан. Народ Казахстана принял нас тепло и приютил у себя в военные годы. От имени всей нашей нации приносим горячую благодарность всему казахскому народу и желаем всему Казахстану процветания. С уважением от всего Азербайджанского народа. Ш. Мамедов ветеран комбината «Ачполиметалл»

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Королев Александр Викторовичтің атына берілген Кентау қаласы, Шахтер көшесі, №35 мекенжайда орналасқан жалпы алаңы 0,1 га жер телімінің құжаттарының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ОТКРЫЛОСЬ НАСЛЕДСТВО

В связи со смертью, Василенко Ларисы Александровны, умершей 20.08.2020 года, открылось наследственное дело. Всех наследников просим обратиться к нотариусу по городу Кентау

В связи со смертью. Разумовскова Станислава Викторовича, умершего 21.02.2011 года, открылось наследственное дело. Всех наследников просим обратиться к нотариусу по городу Кентау

МҰРАГЕРЛІК ІС АШЫЛДЫ

Холматов Убайдулла Рахматуллаевичтің 06.10.2024 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлердің Түркістан қаласы Тәуке хан көшесі №308 мекенжайы бойынша орналасқан нотариус Раметова Гулхаё Мамадраимовнаға жолығуына болады.

Оразова Улбосынның 05.08.2024 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлердің Сауран ауданы, Шорнақ ауылы, Т.Сүлейменов көш № 19 А мекенжайда орналасқан нотариус Ақтолқын Молдалиеваға жолығуына болады.

Софиев Амангельди 14.05.2024 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды.

Есжанов Абдимуталип Таукеновичтің 07.09.2024 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды.

Султанбекова Дариқұлдің 11.05.2024 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлердің Кентау қ/сы, Абай 11 мекенжайында орналасқан нотариус Индира Стамкуловаға жолығуына болады

Бабатаев Пахирдің 01.04.2023 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды.

Мукатаев Арман Балапановичтің 11.06.2024 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлердің Кентау қаласы, Абай даңғылы № 11 мекенжайда орналасқан нотариус Д.Ахметовқа жолығуына болады.

Исаева Гульсара Абибилаевнаның 14.07.2024 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды.

Шажаева Кулзифаның 08.04.2021 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлердің Түркістан қаласы, Тауке хан даңғылы 234 үйде орналасқан нотариус Жусипбаева Данаға жолығуына болады.

Құрылтайшысы - "Еркін и К-XXI" ЖШС,

Бас редактор міндетін атқарушы- Несібелі Пернебекқызы тел: 8 702 551 50 34

Аймақтық тілші - М. ХОЖАМУРАТОВ - Түркістан, Жамбыл, Алматы, Қызылорда облыстары. тел: 3-02-12, 8 701 9128067. Баспагер - Х.Исмаилова

Редакцияның мекенжайы: Жамбыл көшесі 7-үй. Телефондары: Тел/факс: 8 (72536) 3-51-12, 3-11-87. Электрондық пошта: e-mail: k-t-gazet@mail.ru типография поштасы: erkinxxi@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылдың 28 қаңтарында қайта тіркелді. Куәлік № 5694-Г. Газет "Еркін и К-XXI" ЖШС басылды. Автордың мақалалары, үндеулері, ашық хаттары, көзқарасы редакцияның көзқарасын білдірмейді. Баспахана мекенжайы: 160400 Кентау қаласы, Жамбыл көшесі, 7-үй.

Жарнама мәтініне иесі жауапты. ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ - 65095. Тапсырыс № 871 Таралымы - 703 Қолжазбалар қайтарылмайды.